

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 34 ұйым жұмыс істеді, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2008	1.07.2008
1	Ипотекалық ұйымдар	12	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	23	22
	Оның ішінде брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын	4	4
	Жиынтығы	35	34


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 209 454,3 млн. теңге болды, бірінші жартыжылдықтағы төмендеу 3,1% (6 680,8 млн. теңге) болды.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 76,7% (160 699,0 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 3,9% (8 205,2 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 5,2% (10 914,7 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға - 5,2% (10 780,9 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	1.01.2008		1.07.2008		Өсім, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Ақша	683,1	0,3	463,2	0,2	-32,2
Корреспонденттік шоттар	6 350,2	2,9	10 780,9	5,2	69,8
Бағалы қағаздар	11 769,6	5,4	10 914,7	5,2	-7,3
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	11 787,1	5,5	8 205,2	3,9	-30,4
«Кері «РЕПО» операциялары	15 825,3	7,3	5 387,0	2,6	-66,0
Клиенттерге берілген заемдар	162 243,0	75,1	160 699,0	76,7	-1,0
Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар	1 613,5	0,8	2 722,6	1,3	68,7
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	2 107,9	1,0	2 264,4	1,1	7,4
Өзге активтер	3 755,4	1,7	8 017,3	3,8	2,1 есе
Активтердің барлығы	216 135,1	100	209 454,3	100	-3,1

1.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)



1.07.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі жартыжылдықта 6,0% -ға (10 853 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 169 524,1 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 95,5% келді, ал 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша - 94,0% келді. Күмәнді кредиттердің үлесіне есепті күнге 5,3% келеді, бұл 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректерден 140 пайыздық тармаққа өскені. Үмітсіз кредиттердің үлесі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 10 базистік тармаққа ұлғайып, 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 0,7% болғанын атап өту керек. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы жыл басымен салыстырғанда 184,8 млн. теңгеге көбейген.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар заңды тұлғаларға берген заемдар 4925,6 млн. теңгені құрады, олардың ішінде 4456,7 млн. теңге (90,5%) жылжымайтын мүлікті сатып алуға, жеке тұлғаларға заемдар - 159 211,5 млн. теңге, олардың ішінде 136 026,9 млн. теңге (85,4%) тұрғын-үй сатып алуға, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға - 5 387,0 млн. теңгені құрады. Кепіл түрі бойынша барынша жоғарғы үлесті жылжымайтын мүлік құрады - 161 106,9 млн. теңге (95%).

Несиелік портфель сапасының динамикасы	1.01.2008		1.07.2008	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	%-бен жиынтығына	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	%-бен жиынтығына
Барлығы несиелік портфель	180 377,1	100	169 524,1	100
Стандартты	172 269,1	95,5	159 374,3	94,0
Күмәнді	7 110,9	3,9	8 967,8	5,3
<i>1-санаттағы күмәнділері</i> –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 744,7	1,5	1 956,9	1,1
<i>2-санаттағы күмәнділері</i> –төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 496,3	0,8	2 389,7	1,4
<i>3-санаттағы күмәнділері</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1660,1	0,9	1 143,1	0,7
<i>4-санаттағы күмәнділері</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	557,4	0,3	1 317,3	0,8
<i>5-санаттағы күмәнділері</i>	652,4	0,4	2 160,9	1,3
Үмітсіздер	997,1	0,6	1 181,9	0,7


Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы млрд. теңгемен



Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымның үлесі 1 шілдедегі жағдай бойынша 99,0% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 37,5%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 42,1%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 19,4%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 11 580,8 млн. теңгеге немесе 6,7%-ға кеміген және 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 159 986,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың құрылымында айналымға жіберілген бағалы қағаздар (47,0%) және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (34,5%) басым.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.07.08		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар	61 869,2	36,1	55 240,9	34,5	-10,7
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	150,0	0,1	100
Айналымға жіберілген бағалы қағаздар	82 947,7	48,3	75 252,9	47,0	-9,3
Басқа кредиторлар	1 302,8	0,8	2 499,9	1,6	91,9
Басқа міндеттемелер	25 448,0	14,8	26 843,2	16,8	5,5
Барлығы міндеттемелер	171 567,7	100	159 986,9	100	-6,7



Кірістілік. 2008 жылғы 1 мамырда ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 243,7 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, 12 ипотекалық ұйымдардан 6 шығынға ұшырады. «Бірлескен ипотекалық ұйым» ипотекалық ұйымы» АҚ шығындары кірістерінен 323,1 млн. теңгеге асып түскенін атап өту қажет.

Есепті күні кірістердің жиынтық мөлшері 17 126,4 млн. теңге (2007 жылғы 1 шілдеде - 12 509,7 млн. теңге), шығыстар - 16 882,7 млн. теңге (2007 жылғы 1 шілдеде - 10 483,3 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.07.2007	1.07.2008	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	9 164,1	12 344,7	34,7
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	5 269,7	8 265,2	56,8
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 345,6	4 781,7	42,9
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	5 213,6	8 617,5	65,3

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (64,4% немесе 11 026,0 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (29,1% немесе 4 916,8 млн. теңге).

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 49 467,4 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 11,0%-ға (4 899,9 млн. теңгеге) көп.

«Құрылыс Ипотека» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның меншікті капиталы есептік күні 97,5 млн. теңгені құрады, ол ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталының барынша төмен мөлшеріне қойылатын талаптан 202,5 млн. теңгеге кем.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Активтер. 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы деректерімен салыстырғанда 22,6% өсіпті және 1 444 677,5 млн. теңгені құрады.

Ұйымның активтер құрылымында өзге заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар көп үлес алуда - 43,9% (634 675,0 млн. теңге), ақша - 17,9% (258 614,4 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар - 16,6% (239 665,6 млн. теңге) алады. Басқа банктерде орналасқан салымдар бойынша өсім ағымдағы жылдың басындағы көрсеткішке қатысты 25 487,4 млн. теңгені, бағалы қағаздар бойынша - 639,5 млн. теңгені құрады.

Жиынтық активтер құрылымы, млн. теңгемен	1.01.2008	жиынтығында %-бен	1.07.2008	жиынтығында %-бен	Өсім %-бен
Активтер, оның ішінде:	1 177 904,8	-	1 444 677,5	-	22,6
Ақша	219 916,9	18,7	258 614,4	17,9	17,6
Орналасырылған салымдар	24 551,7	2,1	50 039,1	3,5	2 есе
Бағалы қағаздар	14 661,5	1,3	15 301,0	1,1	4,4
Клиенттерге заемдар	193 352,0	16,4	239 665,6	16,6	24,0
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	545 634,5	46,3	634 675,0	43,9	16,3
Дебиторлық берешек	56 869,7	4,8	140 172,5	9,7	2,5 есе
Өзге активтер	122 918,5	10,4	106 209,9	7,3	-13,6

Міндеттемелер. Есептік күні ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 6,4%-ға өсті және 225 772,2 млн. теңгені құрады. Ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында барынша көп үлесті заемдар және қаржылық жалға алу алады - 62,9% (141 975,7 млн. теңге).

Жиынтық міндеттемелер құрылымы, млн. теңгемен	1.01.2008	жиынтығында %-бен	1.07.2008	жиынтығында %-бен	Өсім %-бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	212 167,1	-	225 772,2	-	6,4
Тартылған салымдар	610,3	0,3	597,3	0,3	-2,1
Заемдар және қаржылық жалға беру	127 417,8	60,0	141 975,7	62,9	11,4
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20 708,7	9,8	19 802,5	8,8	-4,4
Кредиторлық берешек	41 606,4	19,6	30 352,0	13,4	-27,0
Өзге міндеттемелер	21 823,9	10,3	33 044,7	14,6	51,4

Кредиттік портфель. Өзге ұйымдардың жиынтық несие портфелінің құрылымында 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі 95,3%, күмәнділер - 1,3% және үмітсіздер - 3,4% құрады, ал 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі - 95,8%, күмәнділер - 1,6%, үмітсіздер - 2,6% құрады.

Меншікті капитал. 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық мөлшері 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша берілген деректермен салыстырғанда 253 167,6 млн. теңгеге (26,2%) өсіп, 1 218 905,3 млн. теңгені құрады.

(млн. теңге)

	1.01.2008	жиынты ғында %-бен	1.07.2008	жиын- тығын да %- бен	Өсім %- бен
Меншікті капитал	965 737,7	-	1 218 905,3	-	26,2
Жарғылық капитал	683 170,2	70,7	828 538,8	68,0	21,3
Бөлінбеген таза кіріс (жабылмаған шығын)	274 552,1	28,4	382 496,2	31,4	39,3